

МРНТИ:15.81.99

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-7847.44>

Г.Т. Бекмуратова¹, А.М. Накушева²

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университетінің

ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЫРЫҚСЫЗ ЕСТЕ САҚТАУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада зияты зақымдалған кіші мектеп жасындағы балалардың ырықсыз есте сақтауының ерекшеліктері қарастырылады. Ес үрдісінің жалпы сипаттамасы оның түрлері нақты дәріптеледі. Зияты зақымдалған балаларды оқыту негізінен есте сақтау үрдістеріне сүйенеді. Есте сақтау қабілетінің көмегімен мәліметтер мен мағлұматтар жинақтау, білімнің түрлері қасиеттерін меңгеру іске асады. Алайда, зияты зақымдалған балалардың есте сақтау үдерісі өте төмен болғандықтан, берілген сабақ материалдарын үнемі қайталау жұмысымен жүзеге асуы көрсетілген. Сонымен қатар ес үрдісінің мәселесі бойынша шетелдік және отандық авторлардың еңбектері талданады. Зияты зақымдалған балалардың есте сақтау үрдістері өзіндік ерекшеліктерімен сипатталуы көрсетілген.

Түйін сөздер: ес, ырықты ес, ырықсыз ес, эмоциялық ес, сөздік мағыналық ес, механикалық ес, ұзақ мерзімді ес, қысқа мерзімді ес.

G.T. Bekmuratova¹, A.M. Nakusheva²

¹Abay Kazakh national pedagogical University

²Abay Kazakh National Pedagogical University

FEATURES OF INVOLUNTARY MEMORIZATION OF PRIMARY SCHOOL CHILDREN WITH INTELLECTUAL DISABILITIES

Abstract

This article discusses the features of involuntary memorization of children of primary school age with intellectual disabilities. The General characteristics of the memory process and its types are described. Learning for children with intellectual disabilities is mainly based on memory processes. Memory is used to collect data and data, and to master types of knowledge. However, since the memorization process in children with intellectual disabilities is very low, it is shown that this work is performed regularly. It also analyzes the works of foreign and domestic authors on the problems of the memory process. It is shown that the memory processes in children with intellectual disabilities are characterized by specific features.

Key words: memory, emotional memory, verbal and logical memory, mechanical memory, long-term memory, short-term memory.

Бекмуратова Г.Т. ¹, Накушева А.М. ²

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ОСОБЕННОСТИ НЕПРОИЗВОЛЬНОГО ЗАПОМИНАНИЯ ДЕТЕЙ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С НАРУШЕНИЯМИ ИНТЕЛЛЕКТА

Аннотация

В данной статье рассматриваются особенности произвольного запоминания детей младшего школьного возраста с нарушениями интеллекта. Описываются общая характеристика процесса памяти и

его виды. Обучение детей с нарушениями интеллекта в основном опирается на запоминающие процессы. С помощью памяти осуществляется сбор данных и данных, овладение видами знаний. Однако, поскольку процесс запоминания у детей с нарушениями интеллекта очень низок, то показано, что данная работа проводится регулярно. Также анализируются труды зарубежных и отечественных авторов по проблемам процесса памяти. Показано, что запоминающие процессы у детей с нарушениями интеллекта характеризуются специфическими особенностями.

Ключевые слова: память, эмоциональная память, словесно-логическая память, механическая память, долговременная память, кратковременная память.

Адамның бұрын қабылдаған нәрселері мен құбылыс бейнелерінің, көңіл-күйлерінің ойда сақталып, қажет кезінде қайта жаңғыруы ес үрдісі деп саналады. Қазіргі кезеңде зияты зақымдалған балалардың ырықсыз есте сақтауының дамуы өзекті мәселеленің бірі болып табылады. Арнайы психология үшін ес үрдісі мәселесінің мәні ерекше. Ес үрдісі басқа психикалық үрдістерге қарағанда күрделі үрдіс болып табылады. Зияты зақымдалған балалардың ес үрдісін тереңінен зерттеу және психология-педагогикалық түзету кіші мектеп жасында аса өнімді болып табылады.

А.А. Смирнов [1] өз зерттеулерінде еске сақтаудың жақсы не жаман өтетін жағдайларын және оның механизмдерінің ерекшеліктерін ашатын бірқатар қызықты негіздер ашты. Оның дәлелдегені әрекеттер ойларға қарағанда жақсы есте сақталады, ал ол әрекеттердің арасында жақсырақ есте сақталатындары қиындықтарды өтумен байланыстылары, соның ішінде сол қиындықтардың өзі.

Адам есінің тарихи дамуын Л.С. Выготскийдің [2] қарастырған көзқарасы басқаша болды. Оның пікірінше филогенездегі адам есінің кемелденуі басты түрде еске сақтау құрамдарын жақсарту мен мнемикалық функциялардың адамның басқа да күйлері мен психикалық үрдістермен байланысын өзгерту жолымен жүреді. Сөйлеудің әртүрлі формаларының арқасында (ауызша, жазбаша, сыртқы, ішкі) адам өз есін еркіне қабілетті етіп, есте сақтауды саналы түрде басқарып, материалды сақтау мен қайта жаңғырту үрдісін басқара алатын болады.

Естерді ерікті және еріксіз деп бөлу орындалуға тиісті әрекеттердің маңыздылығы мен қажеттілігіне байланысты. Белгілі мақсат қоймай-ақ, арнайы есте қалдырмай-ақ есте сақтау мен жаңғырту, еске түсіру еріксіз ес деп аталады. Егер мақсат қоятын болсақ, онда бұл ерікті ес болады. Мұнда есте қалдыру мен жаңғырту, еске түсіру жаттап алу үшін мнемоникалық амалдар қолданылады.

Зияты зақымдалған балаларды оқыту негізінен есте сақтау үрдістеріне сүйенеді. Есте сақтау қабілетінің көмегімен мәліметтер мен мағлұматтар жинақтау, білімнің түрлері қасиеттерін меңгеру іске асады.

Зияты зақымдалған балалардың есте сақтау үрдістері өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады. Арнайы мектеп оқушыларының есте сақтайтын материалдарының көлемі олардың қалыпты құрбыларымен салыстырғанда анағұрлым аз. Оқушылардың сөздік және көрнекі материалдарды есте сақтауының анықтығы мен тұрақтылығы төмен деңгейде. Оны қайта жаңғыртуда балалар көп элементтерді жоғалтады, орындарын алмастырады, логикалық ретін бұзып біртұтас бірлікке айналдырады немесе бірнеше рет қайталайды, кездейсоқ ассоциацияларға сүйеніп жаңа элементтер қосады. Әсіресе қозу үрдістері басым зияты зақымдалған балалар жоқ белгілерді қосып айтуға бейім.

Зияты зақымдалған оқушылар ырықсыз есте сақтау мүмкіндігін пайдаланады. Олар өздерінің назарын аударатын, қызықты болып көрінетін затты ғана есте сақтайды. Мәтіндерде бұл балалар эмоционалды әсерлерге толы фрагменттерді ғана бөліп алады. Оларды қабылдауда балалар қуанады, қапаланады, болып жатқан оқиғаға өз көзқарастарын сөздермен, белгілермен, қимылымен білдіреді. Сондықтан бала мәтіннің осындай тұтастарын жақсы есте сақтайды.

Ырықсыз естің өнімділігі оқушылардың орындап отырған тапсырмаларының түріне байланысты. Егер олардың әрекеті белсенді сипатта болса, онда нәтижесі жоғары болады. Сөздік материалды бірінші рет қайта жаңғырту зияты зақымдалған оқушылардың келесі өнімділігіне доминанттық ықпал жасайды. Мәтінде бірнеше рет қайталана тыңдағандығына қарамастан, бірінше репродукциядағы кездескен қателіктерді қайталай береді. Оқу материалының балалармен қабылдануы және ұғынылуының ерекшеліктері олардың есте сақтау қабілетінің ерекшеліктерімен тікелей байланысты. Естің негізгі үрдістері – есте қалдыру, сақтау, жаңғырту – зиятында зақымдалған балалар өзіндік ерекшеліктерге ие. Олар сыртқы, кейде көру арқылы кездейсоқ қабылданатын белгілерді жақсырақ есте сақтайды. Ал ішкі логикалық байланыстарды сезініп, есте сақтау оларға қиынға түседі.

Зияты зақымдалған оқушылар есте сақтауының эксперименталды анықталған заңдылықтардың нәтижелерін талдау бойынша келесі пайымдаларға тоқталсақ болады. Зияты зақымдалған балалардың ырықсыз есте сақтауын зерттеу негізінде келесі реттегі әдістемелер қолданылды: "Заттардың суреттерін жіктеу "

әдістемесі, "Сандарды есте сақта", "Суретті есте сақта" әдістемелері қолданылды. Арнайы түзету мектептің 3-4 сыныбынан 35 оқушы экспериментке қатысты.


1- Кесте. Зияты зақымдалған кіші мектеп жасындағы оқушылардың есте сақтауының көрсеткіші

Сыналушылар топтары		Дұрыс жауап (2...10) көрсеткіштері	ырықты $\bar{Ш}$	ырықсыз \bar{T}	механикалық	Іс-әрекетінің нәтижелігі (өнімділігі)
Топтар саны	%-дық көр- сеткіштері					
1	4	6	4,3	5,3	0,46	16,1
8	32	5	3,8	4,5	0,4	14
8	32	4	3,2	3,2	0,26	9,1
8	32	3	2,7	1,8	0,1	3,5
$\sum 25$	$\sum 100$	$\bar{У} = 4,5$	$\bar{Ш} = 3,5$	$\bar{T} = 3,7$	Іс.к.=0,30	Н.к.=10,7
Ескерту: Арнайы түзету мектептің 3-4 сыныбынан 35 оқушы экспериментке қатысты						

Зияты зақымдалған оқушылар есте сақтауын зерттеу педагогикалық практика тұрғысынан және жалпы психологиялық көзқараста да өте маңызды әрі қажет. Зерттеудің көрсеткіштері бойынша зияты зақымдалған оқушылардың белсенділігі мен жауапкершіліктері төмен екені байқалды.

Зияты зақымдалған балаларда, қалыпты жағдайдағы құрбыларына қарағанда, ырықты есте қалдыру кешірек қалыптасады. Бұл арада аталған балаларда арнайы есте қалдырудың артықшылығы, қалыпты оқушылардағыдай, соншалықты айқын байқалмайды. Л.В. Занков [3] және В.Г. Петрова [4] көрсеткендей, зияты зақымдалған балалардың есте сақтау қабілетінің нашарлығы ақпаратты қабылдау және оны есте сақтауда емес, көбінесе оны жаңғырту кезіндегі қиындықта және қалыпты оқушылармен салыстырғанда, бұл олардың басты айырмашылықтары болып табылады.

Зияты зақымдалған оқушылар үшін оқу материалын есте сақтау өте қиын мәселе. Материалды біріктес әдіспен үнемі қайталай беру мнемистік әрекеттің нәтижесін жақсартып алмайды. Сондықтан қайталау жұмыстарын модификацияланған жөн, сөйтіп жаңа және бұрын өтілген материал арасында байланыс орнатуға болады.



Сурет 1 - Сыналушы топтардың дұрыс жауаптарының пайыздық көрсеткіштері

Сыналушылар топтарындағы дұрыс жауаптардың пайыздық көрсеткіштері диаграммада бейнеленген (1-суретті қараңыз).

Суреттегі диаграммадан экспериментке қатысқан 35 (100%) сыналушылардың пайыздық көрсеткіштері бойынша

- 8 ұпай жинаған екі сыналушы – 8 %;
- 7 ұпай жинаған үш сыналушы – 12 %;
- 6 ұпай жинаған алты сыналушы – 23 %;
- 5 ұпай жинаған бес сыналушы – 19 %;
- 4 ұпай жинаған тоғыз сыналушы – 34 %;
- 3 ұпай жинаған бір сыналушы – 4 % болып 6 топқа бөлінді.

Зияты зақымдалған оқушылар үшін оқу материалын есте сақтау өте қиын мәселе. Материалды біріктес әдіспен үнемі қайталай беру мнемистік әрекеттің нәтижесін жақсартып алмайды. Сондықтан қайталау жұмыстарын модификацияланған жөн, сөйтіп жаңа және бұрын өтілген материал арасында байланыс орнатуға болады. Сонымен эксперименттің нәтижелері зияты зақымдалған кіші мектеп жасындағы балалардың ырықсыз есте сақтауы төмен болуын дәріптейді. Бұл олардың сабақ материалын ырықты түрде есте сақтауы үшін арнайы түзету іс-шараларының үнемі жүргізілуін қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гиппенрейтер Ю.Б. Романов В.Я. Психология памяти. – М., 1999.
2. Выготский Л.С. Основы дефектологии. //Собр. соч., т.5 – М.: Педагогика, 1983.
3. Занков Л.В. Психология умственно отсталого ребенка. – М., 1960.
4. Петрова В.Г., И.В.Белякова Психология умственно отсталых школьников: Учебное пособие / — М.: Академия, 2002.